

"Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден шығару" электрондық мемлекеттік қызметтің регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 08 ақпандағы № 68 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 11 наурызда № 8371 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 298 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 02.07.2014 № 298 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 29-бабының 2-тармағына және «Электрондық мемлекеттік қызметтің үлгі регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1116 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден шығару» электрондық мемлекеттік қызметтің регламенті бекітілсін.

2. «Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сыртқы байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден алу» мемлекеттік қызметінің регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 628 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 12 қаңтарда № 7377 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, № 3, 2012 жыл).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті (Н.Д. Үсенова) заңнамада белгіленген т е р т і п п е н :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркелуінен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қаржы вице-министрі А.М. Теңгебаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *Б. Жәмішев*
« К Е Л І С І Л Д І »
Қ а з а қ с т а н Республикасының
к ө л і к және к о м м у н и к а ц и я м и н и с т р і
_____ А . Ж ұ м а ғ а л и е в
2013 жылғы 11 ақпан
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы
№ 6 8 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

«Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден шығару» электрондық мемлекеттік қызметтің регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден шығару» электрондық мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – электрондық мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті (бұдан әрі – қызмет беруші) халыққа қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – орталық) арқылы, сондай-ақ www.e.gov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы немесе www.elicense.kz «Е-лицензиялау» веб-порталы арқылы көрсетеді.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 1498 қаулысымен бекітілген «Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің

қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден алу» мемлекеттік қызмет стандартының негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған.

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулар:

1) АЖО – автоматтандырылған жұмыс орны;
2) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өңдеу, іздеу, тарату, тапсыру және беру үшін арналған жүйе (бұдан әрі – АЖ);

3) алушы – электронды мемлекеттік қызмет көрсетілетін жеке тұлға (жеке кәсіпкер);

4) «Е-лицензиялау» веб-порталы – берілген, қайта ресімделген, тоқтатылған, қайта жаңартылған және қолданысы тоқтатылған лицензиялар, сондай-ақ лицензиарлар беретін лицензиялардың сәйкестендіру нөмірін орталықтандырылған түрде қалыптастыратын қызметтің лицензияланатын түрін (кіші түрін) лицензиялауды жүзеге асыратын лицензиаттың филиалдары, өкілдіктері (объектілері, пункттері, учаскелері) туралы мәліметті қамтитын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – «Е-лицензиялау» МДБ АЖ);

5) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде өзінің қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – ЖСН);

6) «Жеке тұлға» мемлекеттік деректер базасы – ақпаратты автоматты түрде жинауға, сақтауға және өңдеуге, Қазақстан Республикасында жеке тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіруді енгізу мақсатында Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін құруға және олар туралы өзекті және нақты мәліметтерді мемлекеттік басқару органдарына және құзыреттері шеңберінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге субъектілерге де беруге арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЖТ МДБ);

7) Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі – халыққа (жеке тұлғаларға) Қазақстан Республикасының халыққа қызмет көрсету орталықтары, сондай-ақ тиісті министрліктер мен ведомстволар арқылы қызмет көрсету үдерісін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ХҚКО АЖ);

8) құрылымдық-функционалдық бірліктер – ақпараттық жүйелері қызмет көрсету процесіне қатысатын мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелерінің, мекемелердің немесе өзге де ұйымдардың тізбесі (бұдан әрі – Қ Ф Б);

9) мемлекеттік электрондық қызмет – ақпараттық технологияларды

пайдаланумен электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

10) пайдаланушы – оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект;

11) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

12) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

13) «электрондық үкіметтің» веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮП);

14) «электрондық үкіметтің» шлюзі – электрондық қызметті іске асыру шеңберінде ақпараттық жүйелерін шоғырландыруға арналған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЭҮШ);

15) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнның тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы (бұдан әрі – ЭЦҚ).

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қызмет беруші әрекетінің тәртібі

6. Осы Регламенттің 1-қосымшасына сәйкес ЭҮП арқылы қызмет берушінің адымдық әрекеттері мен шешімдері (қызметті көрсеткен кезде функционалдық өзара іс-қимылдың № 1 диаграммасы) көрсетілген:

1) алушы компьютерінің интернет-браузерінде сақталып тұрған өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен алушы ЭҮП тіркеуді жүзеге асырады (ЭҮП тіркелмеген алушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс – алушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін компьютердің интернет-браузеріне бекітуі, электрондық мемлекеттік қызметті алу үшін алушының ЭҮП парольді енгізу үдерісі (авторландыру үдерісі);

3) 1-шарт – логин (ЖСН) және пароль арқылы тіркелген алушы туралы деректердің дұрыстығын ЭҮП тексеру;

4) 2-үдеріс – алушыны деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты авторландырудан бас тарту туралы хабарламаны ЭҮП қалыптастыру;

5) 3-үдеріс – алушының осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық мемлекеттік қызметті көрсету және оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып, алушының нысанды

толтыруы үшін сұрау салу нысанын экранға шығару (деректерді енгізу);

6) 4-үдеріс – алушының сауалды куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

7) 2-шарт – ЭУҚ-ның тіркеу куәлігін қолдану мерзімін ЭҮП-та тексеру және кері қайтарылып алынған (жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімде болмауы, сондай-ақ сұрауда көрсетілген ЖСН арасындағы сәйкестендіру деректерінің сәйкес келуі және ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН;

8) 5-үдеріс – алушының ЭЦҚ шынайылығының расталмауымен байланысты сұрау салынған электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны құрастыру;

9) 6-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанына (енгізілген деректердің) толтырылған нысанын алушының ЭЦҚ арқылы куәландыруы (қол қоюы);

10) 7-үдеріс – электрондық құжатты (алушының сұрау салуын) «Е-лицензиялау» МДБ АЖ тіркеу және «Е-лицензиялау» МДБ АЖ сұрау салуды өңдеу;

11) 3-шарт – қызмет берушінің электрондық мемлекеттік қызметі алу үшін қойылатын талаптар мен шарттарға сәйкестігін тексеру;

12) 8-үдеріс – «Е-лицензиялау» МДБ АЖ алушының деректерінде бар бұзушылықтарға байланысты сұралатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру;

13) 9-үдеріс – алушының «Е-лицензиялау» МДБ АЖ қалыптастырылған электрондық мемлекеттік қызметтің нәтижесін алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ пайдалану арқылы қалыптастырылады.

7. Осы Регламенттің 1-қосымшасында электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ХҚКО АЖ АЖО арқылы адымдық әрекеттері мен шешімдері (қызметті көрсеткен кезде функционалдық өзара іс-қимылдың № 2-диаграммасы) көрсетілген:

1) 1-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үшін орталық операторының ХҚКО АЖ АЖО логин мен парольді енгізуі (авторландыру үдерісі);

2) 2-үдеріс – орталық оператордың осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығару және орталық операторымен алушының деректерін енгізуі;

3) 3-үдеріс – алушының деректері туралы ЖТ МДБ ЭҮШ сұрау салу жіберу;

4) 1-шарт – ЖТ МДБ алушылар деректерінің болуын тексеру;

5) 4-үдеріс – ЖТ МДБ алушының деректерінің болмауына байланысты деректерді алудың мүмкін еместігі туралы хабарлама қалыптастыру;

6) 5-үдеріс – орталық операторымен алушымен ұсынылған сауал салу нысанын құжаттардың қағаз нысанында болуын белгілеу бөлігінде толтыруы және құжаттарды сканерлеуі, оларды сауал салу нысанына бекітуі және электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуге толтырылған сауал нысанын (енгізілген деректерді) ЭЦҚ арқылы куәландыруы;

7) 6-үдеріс – «Е-лицензиялау» МДБ АЖ ЭҮШ арқылы орталық операторының ЭЦҚ куәландыралған (қол қойылған) электрондық құжатты (сұрау салуды) жіберуі;

8) 7-үдеріс – «Е-лицензиялау» МДБ АЖ сұрау салуды тіркеу;

9) 8-үдеріс – АЖО қызмет берушінің сұрауын жіберу;

10) 9-үдеріс – АЖО қызмет берушінің сұрауын тіркеу;

11) 2-шарт – электрондық мемлекеттік қызметті өңдеу және қызмет берушінің қызметтерді алу үшін алушының қойылатын талаптар мен шарттарға сәйкес келуін тексеруі;

12) 10-үдеріс – қызмет берушінің АЖО алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұратылатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыруы;

13) 11-үдеріс – қызмет берушінің АЖО қалыптастырылған электрондық мемлекеттік қызмет нәтижесін алушының алуы. Электрондық құжат қызмет берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ пайдалану арқылы қалыптастырылады.

8. Электрондық мемлекеттік қызметті сауал салуды толтырудың және жауап беру экрандық нысандары және электрондық мемлекеттік қызмет өтінімінің нысаны «электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталында ұсынылған.

9. Алушымен электрондық мемлекеттік қызмет көрсету бойынша сұраныстың орындалу мәртебесін тексеру тәсілі: ЭҮП-те «Қызметтерді алу тарихы» бөлімде, сондай-ақ орталыққа жүгінген кезде.

10. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қажетті ақпарат пен консультацияны call-орталығының (1414) нөмірі арқылы алуға болады.

3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үрдісіндегі өзара байланыс тәртібін сипаттау

11. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын ҚФБ:

1) ЭҮП ;

2) ЭҮШ ;

3) «Е-лицензиялау» МДБ АЖ ;

4) ЖТ МДБ ;

5) ХҚКО АЖ .

12. Әрбір әрекетті орындау мерзімі көрсетілген әрекеттер реттілігінің

мәтіндік кестелік сипаттамасы (функциялар, рәсімдер, операциялар) осы Регламентке 2-қосымшада келтірілген.

13. Сипаттамаларына сәйкес әрекеттерінің (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесінде) логикалық реттілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін диаграмма осы Регламентке 1-қосымшада келтірілген.

14. Осы Регламентке 3-қосымшаға сәйкес электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті органның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаға тіркеу туралы растама, тіркеуден бас тарту туралы дәлелді жауап, тіркеу туралы өтініште көрсетілген деректерге өзгерістер енгізу, тіркеуден шығару туралы растама, тіркеуден шығарудан бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

15. Алушыларға электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Регламентке 4-қосымшаға сәйкес сапа мен қолжетімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

16. Алушыларға электрондық мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р :


- 1) құпиялылық (ақпаратты рұқсатсыз алудан қорғау);
- 2) тұтастық (ақпаратты рұқсатсыз өзгертуден қорғау);
- 3) қолжетімділік (ақпарат пен ресурсты рұқсатсыз ұстаудан қорғау).

17. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің техникалық шарттары:


- 1) Интернетке кіру;
- 2) алушының ЖСН-інің болуы;
- 3) ЭҮП-мен авторизация;
- 4) алушыда ЭЦҚ-ның болуы.

«Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден шығару» электрондық мемлекеттік қызметтің регламентіне 1-қосымша

ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өзара функционалды әрекет етудің № 1-диаграммасы



Электрондық мемлекеттік қызметтің ХҚКО АЖ арқылы көрсету кезінде өзара функционалдық әрекет етудің № 2 диаграммасы



Шартты белгілер:



Бастапқы хабарлама



Аяқтаушы хабарлама



Аралық хабарлама



Аяқтайтын қарапайым оқиға




Қате




Ақпараттық жүйе



Үдеріс



Шарт



Басқару ағымы



Хабарламалар ағыны



Түпкілікті пайдалануға ұсынылатын электронды құжат

«Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден шығару» электрондық мемлекеттік қызметтің регламентіне 2-қосымша

1-Кесте. ЭҮП арқылы ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы

Іс-әрекет № (жұмыс барысы, ағыны)	1	2	3	4	5
ҚФБ атауы	Алушы	ЭҮП	Алушы	Алушы	ЭҮП

Іс-әрекет атауы (үдеріс, рәсім, операциялар) және олардың сипаттамасы	Алушының ЭЦҚ тіркеу куәлігін компьютердің интернет-браузеріне бекіту	Алушының деректеріндегі бұзушылықтармен байланысты бас тарту хабарламасын қалыптастырады	Қажетті құжаттарды электрондық түрде бекітумен сауал деректерін қалыптастырады және электрондық мемлекеттік қызметті таңдайды	Куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ таңдауы	Алушының шынайы расталма байланыс тарту т. хабарлам қалыптас
Аяқтау пішіні (ұйымдастыру-өкімдік құжат шешімдердің мәліметтері)	Сауал салу сәтті қалыптастырылғандығы туралы хабарламаны шығару	Сауал салынып жатқан электрондық мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру	Сауал салу сәтті қалыптастырылғандығы туралы хабарламаны шығару	Сауал салуды бағыттау	Сауал са жатқан электрон мемлекет қызметті көрсетуді тарту т. хабарлам қалыптас
Орындалу мерзімі	10-15 сек.	20 сек.	1,5 мин.	10-15 сек.	10-15 сек
Келесі іс-әрекеттің орындалуы	2 – егер алушының деректерінде бұзушылықтар бар болса; 3 – егер авторизациялану сәтті өтсе.	–	4	7 – егер ЭЦҚ қате болса; 8 – егер ЭЦҚ қатесіз болса.	–

2-Кесте. ХҚКО арқылы ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы

--	--	--	--	--	--

Іс-әрекет № (жұмыс барысы, ағыны)	1	2	3	4	5
ҚФБ атауы	ХҚКО АЖ АЖО	Орталықтың операторы	Орталықтың операторы	ЖТ МДБ	Орталықтың
Іс-әрекет атауы (үдеріс, рәсім, операциялар) және олардың сипаттамасы	Орталықтың операторы логині және паролі арқылы авторизацияланады	Электрондық мемлекеттік қызметті таңдайды және сұрау салудың деректерін қалыптастырады	ЖТ МДҚ сұрау салуды жіберу	Алушы деректерінің болмауына байланысты деректерді алу мүмкін еместігі туралы хабарламаны қалыптастырады	Сұрау салу қажетті құ тіркеу мең салуды толт ЭЦҚ куәланд
Аяқтау пішіні (ұйымдастыру-өкімдік құжат шешімдердің мәліметтері)	Өтінімге нөмір берумен сауал салуды жүйеде тіркеу	Сауал салу сәтті қалыптастырылғандығы туралы хабарламаны шығару	Сауал салуды бағыттау	Дәйектендірілген бас тартуды қалыптастыру	Сауал сал қалыптастыр туралы хаб шығару
Орындалу мерзімі	30 сек. - 1 мин.	30 сек.	1,5 мин.	1,5 мин.	30 сек. - 1 ми

Келесі іс-әрекеттің орындалуы	2	3	4 – егер алушының деректерінде бұзушылықтар болса; 5 – егер бұзушылықтар болмаса.	–	–
-------------------------------	---	---	--	---	---

«Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден шығару» электрондық мемлекеттік қызметтің регламентіне 3-қосымша

Нысан

Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлғаның тіркелуі туралы растама

20__ жыл _____ № _____

«Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті _____




_____ (тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)
Қазақстан Республикасының _____
(облыс, Астана, Алматы қаласы)
аумағында _____

_____ (оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі)

қызметін жүзеге асыруға құқығы бар тұлға ретінде тіркелгендігіңді растайды. Ескерту: «Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 9-тармағына сәйкес тіркеу туралы өтініште көрсетілген деректер өзгерген кезде, уәкілетті органда тіркеуде тұрған тұлға уәкілетті органға өзгерістер туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

[Қол қоюшының лауазымы] _____
аты және әкесінің аты (бар болса)]

[Қол қоюшының тегі, _____



Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Нысан

Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға тіркеуден бас тарту туралы дәлелді жауап

20__ жыл _____ № _____

«Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті _____

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))



(тіркеуден бас тарту негіздемесі)

байланысты

(оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі) қызметін жүзеге асыруға тіркеуден бас тартады.

[Қол қоюшының лауазымы] әкесінің аты (бар болса)]

[Қол қоюшының тегі, аты және



Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтанба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Нысан

Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға тіркеу туралы өтініште көрсетілген деректерге өзгерістер енгізілгені туралы растама

20__ жыл _____ № _____

«Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті

_____ өтініш негізінде
(өтініштің нөмірі және күні)




(оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі)

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса))

деректеріне өзгерістер енгізілгенін растайды.

[Қол қоюшының лауазымы] әкесінің аты (бар болса)]

[Қол қоюшының тегі, аты және



Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтанба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Нысан

Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркелген тұлғаны тіркеуден шығару туралы растама

20__ жыл _____ № _____

«Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті

_____ негізінде

(оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі)



(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

тіркеуден шығарылғанын растайды.

[Қол қоюшының лауазымы]

[Қол қоюшының тегі,

аты және әкесінің аты (бар болса)]



Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтанба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Нысан

Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі қызметін жүзеге асыру мақсатында тіркелген тұлғаны тіркеуден шығарудан бас тарту туралы дәлелді жауап

20__ жыл _____ № _____

«Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті

_____ негізінде

(оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылар және (немесе) сырттай байқау әкімшісі)



(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

тіркеуден шығарудан бас тартады.

[Қол қоюшының лауазымы]

[Қол қоюшының тегі,

аты және әкесінің аты (бар болса)]



Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтанба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

«Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және (немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға

құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды
тіркеуден шығару» электрондық мемлекеттік
қызметтің регламентіне 4-қосымша

**«Оңалтушы және (немесе) конкурстық басқарушылардың және
(немесе) сырттай байқау әкімшісінің қызметін жүзеге асыруға
құқығы бар тұлғаларды тіркеу және оларды тіркеуден шығару»
электрондық мемлекеттік қызметтің «сапа» және «қолжетімділік»
көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнама**

1. Сіз электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі сапасымен және
нәтижесімен қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанбаймын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.

2. Сіз электрондық мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттың
сапасына қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанбаймын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;

3) қанағаттанамын.